

ЖШС «Айсауле» бөбекжай балабақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің

№1 хаттамасы

Қатысқандар : 12

08.09.2021ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы
2. Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту
3. Бастапқы мониторинг нәтижесі
4. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Т.А.Марихова өз сөзінде топтардың жаңа оқу жылына дайындығына шолу жасап тексерудің қорытындысына тоқталып өтті. «Ел боламын десең бесігіңді түзе» демекші тәрбие бала күннен басталады. Тәрбиенің алғашқы дәнін себетін отбасы және балабақша. Ол балабақша қандай болуы керек? Балабақшада балаға қауіпсіз,ыңғайлы, жан-жақты тәрбие беретін бес салаға арналған дамытушы орта құрылуы қажет. Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік білім беру стандарт талаптарына сай оқу тәрбие ісін ұйымдастыруы қажет. Демек, педагогтарымыз да, білімді тиянақты,және ізденімпаз болуы тиісті. Шолу тексеру бойынша барлық топтарға ұсыныстар: балаларды қабылдау бөлмелеріне таңғы көңіл күйіне әсер ететін, қуанатын нейро жаттығулар бұрышын жасау, бөлме гүлдерін көбейту, түрлі-түсті жыл мезгілдеріне сай альбомдармен толықтыру. Шолу тексеру нәтижелері орташа деп бағалаймын,толықтырулар қажет етеді. Аталған талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізуді тапсырды.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Т.А. Марихова жаңа 2021-2022 оқу жылындағы балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту кестесімен таныстырды.

1. «Қарлығаш» ересек тобында - 25 бала, 4 жасар балалар, тәрбиешілері .
2. «Құлыншақ» кіші тобында - 25 бала, 2 жасар балалар, тәрбиеші М.Махмудова

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері А.П.Мельдебекова бастапқы мониторинг нәтижесі жайлы Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіліп, бастапқы бақылау нәтижелеріне тоқталып өтті.

1. Балабақша бойынша үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % 1.

Денсаулық сақтау дағдылары

I-Деңгей-8,7 II-Деңгей-40

III-Деңгей-51,2

2. Коммуникативті тілдік дағдылар I-Деңгей-11,7

II-Деңгей-59,2 III Деңгей-29

3. Танымдық дағдылар I- Деңгей 20,

II-Деңгей -55,2 III-Деңгей-24

4. Шығармашылық дағдылар I-Деңгей -25

II-Деңгей-42,7 , III-Деңгей-32,

5. Әлеуметтік дағдылар I-Деңгей-6,6

II-Деңгей 71 III-Деңгей-22,3

Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерін игеруді, жеке даму картасындағы бастапқы түзету шараларын меңгеру мақсатында жұмыс жүргіземіз деп аяқтады.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Т.А.Марихова.

Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасымен танысып,талқыланып, бекітілді.

ШЕШІМ:

1. Шолу тексеру нәтижелерінде аталған талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізу. Жауаптылар: Әдіскер А.П.Мельдебекова тәрбиешілер

2. БЕКІТІЛГЕН

Жауаптылар: Әдіскер А.П.Мельдебекова және тәрбиешілер

2. Балаларның жетістіктерін қадағалау, тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында кезеңдерімен жүргізу. Жауаптылар: Әдіскер мен тәрбиешілер

3. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекелері жауапкершілікпен атап өтілсін.

Жауаптылар: Әдіскер, музыка жетекшісі, тәрбиешілер.

Төрайыы:

Т.А.Марихова



Хатшы:



А.П.Мельдебекова

ЖШС «Айсауле» бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№2 хаттамасы

Қатысқандар : 12

11.11.2021 жыл

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жыл мезгілдеріне арналған картотекалар көрмесі
3. «Алтын күз»мерекесін, Тіл апталығын талқылау
4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасынын бекіту

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Ж.Байбатшаева сөз алды: шолу тексеру нәтижелері бойынша топтар толықтырылып, бекітілген жас ерекшеліктер бойынша оқу тәрбие үдерісі ұйымдастырылуда.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Жыл мезгілдеріне арналған картотекалар көрмесі ұйымдастырылды. 1. «Құлыншақ» ересектер тобы.

Тәрбиешісі А. Джуманова

«Көктем» жыл мезгілінің картотекасының тақырыптары: Ауа райына бақылау жасау.

Топырақты тұқым салуға дайындау, «Ауа райын сипатта!»,

Күнге бақылау жасау «Күн мен бұлт»,

Гүл тұқымын топыраққа егу, Желге бақылау жасау, «Жақсы, жаман»,

Аспанға бақылау жасау, «Көктемге арнап бояу табайық»

Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау, Қардың алғашқы еруін бақылау,

Терезе алдындағы бақша (суару),

«Көктем ерекшеліктерін кім көп атайды?», Жылғалар мен шалшықтарды бақылау,

Аула маңын қоқыстан тазарту, Сүңгілерді бақылау.

2. «Шаттық» ересектер тобы. Тәрбиеші Ж.Набиева

«Көктем» жыл мезгілінің картотекасының тақырыптары: Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.

Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау. Бақбақтың өсуін бақылау.

Қараторғайдың үйшігі және қараторғайларды бақылау. Суда жүзетін құстарды бақылау.

Жәндіктерді бақылау(хан қызыжәндіктерді бақылау (қызыл қоңыз, жазғытұрғы қоңыз,солдатиктер,маса)

Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау. Үй құрылысын бақылау.

«Күз» мезгілінежаңбырды бақылау. Тырналарды бақылау,

Күзгі жапырақтарды бақылау, Жәндіктерді бақылау, Тұманды бақылау,

Күзгі көріністі бақылау, «Қыс» мезгіліне:

қар үстіндегі іздерді бақылау,

қар ұшқындарына, қар жауып тұрған құбылысты, қырауды, мұзды шырша ағашын бақылау, терезедегі өрнектерді бақылау,

аула сыпырушының еңбегін бақылау.

Басқа да топ тәрбиешілері төрт жыл мезгілдеріне арналған картотекасы талқыланып, бағаланды.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

«Алтын күз» мерекесін, Тіл апталығын талқылау

«Қарлығаш» ересектер тобының тәрбиешісі Ж.Набиева ұйымдастыруымен өткен «Алтын күз» ертеңгілігінде зал күз мерекесіне сай безендірілген.

Көңілді «Қырманшылар» биімен ашылып, «Саңырауқұлақтар»биі ,

«Құмырсқа мен шегіртке» сахналаумен жалғасты, балалар сөздерін жаттап, анық айтып, рөлге ене білді. Күзгі вальс биімен аяқтады.

«Құлыншақ» кіші тобының тәрбиешілері Б.Жумабекова мерекеде күз

Ханшайымымен бірге «Жапырақтар» биін биледі, ән - тақпақтар айтылды , балалар қуанып, жемістер жеп, көрмеге ата-аналар да қатысты. Жалпы барлық топтардың ертеңгілігінен күздің молшылығын, әдемілігін, мінезін көріп, балалардың өнерлерін көріп ата-аналар алғыстарын білдірді.

Мақсаты: балаларды туған ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп құрметтеуге, сүйеге тәрбиелеу. Балалардың танымдық қабілетін дамытып, Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімге баулу.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Т.А.Марихова топтардың Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламаларымен танысып, бекітті.

ШЕШІМ:

1. Басқа да топ тәрбиешілері төрт жыл мезгілдеріне арналған картотекасы жақсы деп бағаланды.
2. «Алтын күз»мерекесі,Тіл апталығына арналған іс-шаралар жақсы деп бағалансын
3. Тәуелсіздік күні,Жаңа жыл мерекелерін жауапкершілікпен өткізу

Төрайымы:



Т.А.Марихова

Хатшы:



А.П.Мельдебекова

ЖШС «Айсауле» бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№3 хаттамасы

Қатысқандар : 13

14.01.2022ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде 2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін талқылау 3. Аралық мониторинг нәтижесі

1. ТЫҢДАЛДЫ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Т.А.Марихова сөз алды:

Жалпы балаларды Менің Отаным – Қазақстан, тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы – Елорда, Қазақ халқының дәстүрлі үйі -киіз үймен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту жұмыстары осы балабақша табалдырығынан басталады. Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыруды серуен кезінде қалыптастыруды жоспарлап, жүйелі жүргізіңіздер.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін талқылау жөнінде балабақша меңгерушісі Т.А.Марихова сөз алды:

кіші «Құлыншақ» тобы тәрбиешісі Б.Жұмабекова желтоқсан айында «Тәуелсіздік тұғырым» атты ертеңгілік өтті.

Мақсаты: Балалардың бойына Қазақстанның рәміздерін, салт-дәстүрін, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, батылдыққа, шымырлыққа үйрету. Ән ұранды мақтанышпен орындауларының өзі жүрекке қуаныш үйелетеді.

Бағдарламада би «Сарбаздар», жеке ән «Бұлқынды жүрек», «Атамекен» әндері орындалды.

«Құлыншақ» ересек тобының тәрбиешісі Қарлығаш «Тәуелсіздік ата – бабам аңсаған» бағдарламасының жинақылығы, балаларды өнерге баулып, ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп, ұлттық мәдениетке, патриоттық тәрбие берудегі еңбегі үшін алғыс білдіріп, марапаттады.

Сонымен бірге ұжым «Жаңа жыл» ертеңгілігін талқылап, бағалап өтті. Жалпы жасыл шырша жанында ертегілер кейіпкерлері, қызықты сәттер көп болды. Балалар қуанышты, көңілді болып, ойын, билерге ықыласпен қатысып, Аяз атадан сыйлықтарын алып, мәре – сәре болып тарқады.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Топтар арасында үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді. Аралық мониторинг нәтижесі жөнінде балабақша меңгерушісі Т.А.Марихова сөз алды: Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді.

Балабақша бойынша үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы %

Денсаулық сақтау дағдылары

I-Деңгей-7,

II-Деңгей-37,7 III-Деңгей-52,2

Коммуникативті тілдік дағдылар I-Деңгей-10,2,

II-Деңгей-54,8 III Деңгей-35,5

Танымдық дағдылар I-Деңгей 9,5

II-Деңгей -63,2 III-Деңгей-27,2

Шығармашылық дағдылар I-Деңгей -14,7

II-Деңгей-54,2, III-Деңгей-31

Әлеуметтік дағдылар I-Деңгей-3,3,

II-Деңгей 67,3, III-Деңгей-32,6

Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерін игеруді, жеке даму картасындағы бастапқы түзету шараларын меңгеру мақсатында жұмыс жүргіземіз деп аяқтады.

ШЕШІМ:

1. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін өткізу деңгейі жақсы деп бағалансын.


2. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерін игеруді, жеке даму картасындағы бастапқы түзету шараларын меңгеру мақсатында жұмыс жүргізілсін. Жауаптылар: тәрбиешіле

Төрайымы:



Т.А.Марихова

Хатшы:



А.П.Мельдебекова

ЖШС «Айсауле» бөбекжай балабақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 4 хаттамасы

Қатысқандар : 12

01.03.2022 ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерінің бағдарламасын бекіту
3. Еңбек тәрбиесінің деңгейі, еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлай білу қабілеті. Жедел тексеру қорытындысы

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.П.Мельдебекова сөз алды: Ол өз сөзінде баланы білімге, ғылымға тәрбиелеуден алдын адамгершілікке, еңбекке тапсырманы орындауға, ережеге бағынуға үйретумен нәтижеге жететініміз белгілі. Балабақшада өзін адам әлемінің өкілі ретіндегі алғашқы түсініктерін қалыптастыру мақсаты бар. Адамның өсуі үшін қажетті заттар- су, ауа, жарық, жылу, тағам, қозғалыс, демалыс, күтім керекті, ол қажеттіліктер үлкендер қызметімен, еңбекпен келетінін ұғындыруымыз, алғашқы түсінікпен дағдыларды қалыптастыру үлкен еңбек.

Ол үшін өз-өзіне қызмет етуді үйретуіміз, достарына көмектесу, кезекшілік ету, табиғат бұрышында еңбек ету, табиғаттағы еңбектер қалай ұйымдастырылуда?

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі 8 наурыз, Наурыз мерекелерінің бағдарламасымен танысып, бекітті.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі Т.А.Марихова «Еңбек тәрбиесінің деңгейі, еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлай білу қабілеті» тақырыбында өткен жедел тексеру қорытындысымен таныстырып өтті:

Адамның адам болып қалыптасуының құралы – еңбек. Еңбектің нәтижесі әрбір адамға, оның еңбекке саналы, шығармашылық көзқарасына байланысты. Олай болса бүгінгі таңдағы қоғам қажеттілігі – жас ұрпақтың бойында еңбекке ынталандыруды тәрбиелеу, болашақ еңбек жолын дұрыс таңдауға баулу. Баланың жеке басының еңбекке бейім болып өсуі оны еңбек тәрбиесіне баулуға тікелей байланысты. Мектепке дейінгі жас

– негізінен ойын кезеңі болғандықтан, еңбектің бала өмірінен алатын орны тым аз. Әдетте еңбек әрекетінің қарапайым элементтері көрініс тауып, бірте-бірте еңбек ойыннан бөлініп, айрықша сипатқа ие болады.

Жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу – маңызды педагогикалық процесс. Өйткені, болашақ қоғам азаматтары өздерінің адамгершілік қасиеттерін, абыройын, өмірден алатын орнын тек қана еңбек арқылы ғана ақтай алады. Еңбекке баулуда бала күнделікті өмірге қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеріп қана қоймай, еңбек баланың ақыл-ойының дамуына әсер ететіндей, бастаған ісін соңына дейін аяқтауына, оның әсем де әдемі болуына назар аударту көзделеді. Еңбекке тәрбиелеудің негізгі мақсаты – еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, оның нәтижесіне қуана білуге, балалардың күшін толықтыруға және денсаулығының нығаюына жәрдемдеседі, дене қозғалысының үйлесімді, сергек болуына ықпал ету.

Ұсыныстар:

Балабақшадағы еңбек түрлері: табиғат бұрышындағы еңбек, өзі-өзіне қызмет ету, тұрмыстық-шарушылық еңбек, табиғаттағы еңбек, қол еңбегі түрлері қамтылсын.

ШЕШІМ:

1. 8 наурыз, Наурыз мерекелерін жауапкершілікпен атап өту

2. «Еңбек тәрбиесінің деңгейі, еңбек әрекетін ұйымдастыру және жоспарлай білу қабілеті. Жедел тексеру қорытындысының нәтижесінде ұсынылған ұсыныстар түзетілсін. Жауаптылар: Тәрбиешілер

Төрайымы:



Т.А.Марихова

Хатшы:



А.П.Мельдебекова

ЖШС «Айсауле» бөбекжай балабақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің

№5 хаттамасы

Қатысқандар : 12

20.05.2022ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Сегізінші наурыз, Наурыз мерекесін талқылау
3. Қорытынды мониторинг нәтижесі
4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Т.А.Марихова сөз алды: Әрбір мереке, іс-шараларды өткенде басты мақсатымыз ата-аналармен біріге отырып айнала қоршаған әлем мен өмірлік құбылыстарды сезінуге қабілетті, қарапайым шығармашылық іскерліктер мен дағдарларды меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру, ынтасын арттыру, елжандылық пен азаматтық сезімдерін қалыптастыру, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелеу, сенімділігін ояту.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Өткен мерекеде балалар туысқандары мен балабақша қызметкерлеріне арнап сый, әндер, билер дайындап, жақсы құттықтау тақпақ өлеңдерін айтты. Мерекелік зал әдемі етіп безендірілді. Балалармен бірге ата-аналар да жақсы көңіл күйде болды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Әдіскер А.П.Мельдебекова:

- Осындай іс-шаралар арқылы ата-аналардың бала тәрбиесіндегі оң көзқарастары мен дұрыс бағдарын және баланың ата-анасына, жақындарына мейірімі мен сыйластығы қалыптасады. Ата-ананың баланың балабақшадағы өмірімен танысуға, құрдастарымен, қарым-қатынасын байқауға мүмкіндігі туады. Сол үшін бала үшін де, ата-ана үшін де жағдай жасауға әрекет еттік.

Тәрбиеші:Б.Жұмабекова

1. Ия аналар күніне арналған мерекелік ертеңгіліктер әр қайсысы өзіне әсерлі, қызық болды кішкентай бүлдіршіндер өнерін салды. «Құлыншақ» тобының «Ақ маман» әніне

жасаған бөбектердің сахналық көріністеріне аналар мен әжелер дән риза, әр ананың көз жанары өз баласында, ана махаббатын аямай-ақ, шуағын шашуда. Тәрбиеші Набиева Ж:

2. Әрине мерекенің аты- мереке. Көңілді әуен, би, сәнді киімдер адамға жақсы көңіл күй сыйлайды. Бәрібір сахнада сөйлегенде тәрбиешілер сөйлеу мәдениетін әле де терең меңгеруі тиіс. Біз бала тәрбиесімен айналысып, өз тәрбиемізді де естен шығармайық. Маған «Құлыншақ» тобының ата – аналармен ойыны ұнады.

Ана мен бала арасындағы ынтымақтастық, тәрбие, ықылас көрініп турды.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Балалардың білім – біліктілік дағдыларын дамыту мониторинг қорытындысы жөнінде балабақша меңгерушісі Т.А.Марихова сөз алды:

Мектепке дейінгі ұйымдардың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру қорытынды мониторингінің нәтижелерімен таныстырып өтті.

1. “Құлыншақ” кіші тобы. Бала саны – 20 Денсаулық саласы I-8, II-2, III-10

Қатынас саласы I-6, II-8, III-16 Таным саласы I-6. II-6, III-8

Шығармашылық саласы I-7, II-7, III-6

2. “Қарлығаш” ересектер тобы. Бала саны – 125 Денсаулық саласы I-1, II-20, III-29

Қатынас саласы I-7, II-13, III-30 Таным саласы I-4, II-16, III-32

Шығармашылық саласы I-2, II-11, III-37 Әлеумет саласы I-1, II-18, III-31

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Жазғы маусымға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту, жүргізу жөнінде балабақша меңгерушісі Т.А.Марихова тоқталып өтті:

Жазғы маусымға әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне сай, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында іс шаралар жүргізіледі. Түрлі серуендер, ойындар, зерттеу-ізденуші ойындары, балалардың шығармашылығын арттыруға, ұжымда тату-тәтті, достарымен бірлесе ойнауды, шомылуды, күнге күйдіріну, спорттық ойындар, сумен ойындар, сахналық қойылымдар жоспарланды.

Әр белгіленген жауапты педагог, іс-шараны сапалы безендіріп, жауапкершілікпен қызықты өткізуге тиісті. Ең бастысы өткізілген іс-шара кезінде күн астында ұзақ қалмауы, қауіпсіз болуы керек. Міндетті түрде мейірбикенің қатысуымен өткізіліп, бақылауда болуы керек. Және өткізілген іс-шара суреттермен әдіскерге өткізіледі.

ШЕШІМ:

1. Әрбір іс-шара, мерекелерді жауапкершілікпен атап өту. Жауаптылар: педагогтер

2. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру нәтижелерінің сапасын арттыруда балалармен жеке жұмыстар жоспарлау.
Жауапты: тәрбиешілер


3. Жазғы маусым іс-шаралары жоспарлы түрде, жүйелі, медбикенің қатысумен , жауапкершілікпен өткізу .
Жауаптылар: тәрбиешілер, медбике

Төрайымы:



Т.А.Марихова

Хатшы:



А.П.Мельдебекова